


«Келісемін»

Директордың тәрбие жұмыс
жөніндегі орынбасары

 В.К. Мукашева



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылына арналған 5 «а» класының жылдық тәрбие жоспары

Класс жетекшісі: Матаева Айдана Бөкенбайқызы

Ақтөбе 2024ж.

ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтар:

- ✦ **тәуелсіздік және отаншылдық**
- ✦ **бірлік және ынтымақ**
- ✦ **әділдік және жауапкершілік**
- ✦ **заң және тәртіп**
- ✦ **еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**
- ✦ **жасампаздық және жаңашылдық**

құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді

дамыту;

- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға

баулу;

құндылықтар негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамытуға белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

№	Іс шаралар атауы	Аяқтау нысандары	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету 1.«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы,қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 06.04.2020ж №130 бұйрығы 2. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы»ҚР БҒМ 14.01.2016 ж №26 бұйрығы 3. «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережесі бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023 ж №748 қаулысы 4. «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021ж №235 бұйрығы 5. «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жж арналған кешенді жоспар бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023ж №748 қаулысы 6. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 30.07.2024 жылғы №194 бұйрық II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің өзекті мәселелері бойынша қалалық, облыстық, республикалық ғылыми-практикалық семинар конференцияларға қатысу, өткізу. ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ 1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
1	Білім күні. «Менің Отаным-Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары»(10 минут)	Сабақ жоспары Слайд материалдары	Сынып жетекшісі	05.09
2	«Мен және менің отбасым» Қауіпсіздік сабағы «Қауіпті хобби және серуендеу орындары»(10 минут)	Сабақ жоспары Слайд	Сынып жетекшісі	12.09
3	«Мамандықтар әлемі» Қауіпсіздік сабағы «Қақтығыс соңындағы жауапкершілік» (10 минут)	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	19.09
4	«Еңбек түбі- береке» «Еңбек пен сенім өмірде маңызды»	Еңбек күніне арналған сынып	Сынып жетекшілері	26.09

	шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді?» (10 минут)	сағаты		
5	«Еңбекпен жетістікке жеткендер» Қауіпсіздік сабағы «Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз»(10 минут)	сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.10

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

1	«Тәуелсіздік жемісі арайлап атқан тандарым» »Қауіпсіздік сабағы «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	10.10
2	«Тәуелсіздік туралы шығармалар» Қауіпсіздік сабағы «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	17.10
3	«Тәуелсіздік жемісі арайлап атқан тандарым» республиканы күніне арналған сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Күмәнді жағдайларда еліктіруді қалай жеңуге және дұрыс таңдау жасауға болады?» (10 минут)	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	24.10

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы «Жасөспірім және еңбек қатынастары» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	07.11
2	«Қазақтың теңгесі» Қауіпсіздік сабағы «Кәметке толмаған бала заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	14.11
3	«Әділдік пен жауапкершілік – егіз ұғым» Қауіпсіздік сабағы «Қауіпті хобби және серуендеу орындары»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	21.11
4	«Әділ болуға өзінді қалыптастыр, шындықты айтып үйрен» Қауіпсіздік сабағы Қатығыс соңындағы жауапкершілік»(10	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	28.11

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

1	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы Қауіпсіздік сабағы«Ата-аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	05.12
2	«Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін» Қауіпсіздік сабағы«Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз?»(10 минут)		Сынып жетекшісі	12.12
3	«Бірлік түбі-береке» Қауіпсіздік сабағы«Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады?» (10 минут)		Сынып жетекшісі	19.12
4	«Ынтымақтың түбі-игілік» Қауіпсіздік сабағы«Қауіпті хобби және серуендеу орындары»(10 минут)		Сынып жетекшісі	26.12

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

1 қаңтар – Жаңа жыл

1	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» Қауіпсіздік сабағы Қақтығыс соңындағы жауапкершілік»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	09.01
2	«Заңдылық және құқықтық тәртіп» Қауіпсіздік сабағы «Ата-аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді?» (10 минут)		Сынып жетекшісі, мектеп инспекторы	16.01
3	«Заң- тәртіп пен әділеттіліктің негізі» Қауіпсіздік сабағы «Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз»(10 минут)		Сынып жетекшісі	23.01 30.01

АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

1	«Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны» Қауіпсіздік сабағы «Қақтығыс соңындағы жауапкершілік»(10 минут)	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	30.01
2	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы «Ата-аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	06.02

3	«Жасампаздық пен жанашылдық рухтың жаршысы» Қауіпсіздік сабағы «Қауіпті хобби және серуендеу орындары»(10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	13.02
4	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы ««Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	20.02

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

1	«Алғыс – ізгі ниет» Қауіпсіздік сабағы «Ата-аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі, ата ана	27.02
2	«Мен елімнің ертеңімін» Қауіпсіздік сабағы «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	05.03
3	«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» Қауіпсіздік сабағы «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	12.03
4	«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» Қауіпсіздік сабағы «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	19.03

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛКІЛІК АЙЫ

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні

15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

1	«Біз таңдаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сабақтың жоспары		03.04
2	«Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі» «Біз таңдаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	10.04

	женуге және дұрыс таңдау жасауға болады?» (10 минут)			
3	«Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» Қауіпсіздік сабағы «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	17.04
4	«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» Қауіпсіздік сабағы «Күмәнді жағдайларда еліктіруді қалай жеңуге және дұрыс таңдау жасауға болады?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	24.04
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы («Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз» 10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	01.05
2	«Бұл өмірдің мәні – сенсің, қымбатты досым» Қауіпсіздік сабағы «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдауды қалай үйренуге болады?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	08.05
3	«Ынтымақ, Бірлік, Келісім – баянды бақыт ел үшін!» Қауіпсіздік сабағы «Ата-аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	15.05
4	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік» (10 минут)	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	22.05